Мемлекеттік грант беру туралы
2024 жылғы « 5 » маусым №105
Шарттың № 7 қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша**
**қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: **«ӘСЕР» қоғамдық бірлестігі**
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): **Жакаева Гульнара Базарбаевна**
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: **+7 702 301 87 17**
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): **Ерекше қажеттілігі бар жастарды әлеуметтендіру**
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: **2024 жылдың маусым-қараша айлары**
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: **11 068 088 (он бір миллион алпыс сегіз мың сексен сегіз) теңге**

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

**11. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат** *(іс-шараның өткен күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы):*
**1-міндет. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар кемінде 150 жасқа кемінде 5 бағыт бойынша қысқа мерзімді курстарды ұйымдастыру**
***1-іс-шара. Ерекше қажеттілігі бар кемінде 150 жасқа кемінде 5 бағыт (СММ, мобилография, тігін және қол өнер, аспаз, графикалық дизайн, т.б.) бойынша қысқа мерзімді курстарды ұйымдастырып өткізу***

Маңғыстау облысында ерекше қажеттілігі бар 150 жасқа арналған 5 бағыт бойынша қысқа мерзімді курстар сәтті ұйымдастырылып, өткізілді. Курстар СММ, мобилография, тігін және қолөнер, аспаз, компьютерлік сауаттылық бағыттарын қамтыды. Барлығы 11 курс өткізілді, олардың әрқайсысы қатысушылардың кәсіби және тұрмыстық дағдыларын дамытуға бағытталды:

1. Мобилография
2. Аспаз курсы
3. Компьютерлік сауаттылық
4. Тігін және қолөнер курсы
5. СММ курсы

Курстар барысында қатысушылар қажетті білім мен тәжірибелік дағдыларды меңгерді. СММ және мобилография бағыттары бойынша тыңдаушылар цифрлық маркетинг пен визуалды контент жасауды үйренсе, тігін және қолөнер курстары шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Аспаздық курстар күнделікті өмірде қолдануға болатын жаңа дағдыларды үйретсе, компьютерлік сауаттылық бойынша сабақтар технологияны тиімді пайдалану жолдарын көрсетті.Курстар нәтижесінде қатысушылар арасында өз кәсіптерін бастауға қызығушылық танытқандар саны артты, ал кейбіреулері алған білімдерін жұмысқа орналасу үшін пайдалануға мүмкіндік алды. Шаралар инклюзия қағидаттарын нығайтып, ерекше қажеттілігі бар жастардың әлеуметке бейімделуіне ықпал етті.

**2-міндет. Аймақтағы мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған консультативтік кеңсенің жұмысын ұйымдастыру**

**1-іс-шара. Мүгедектігі бар адамдарға психо-әлеуметтік кеңес беру үшін консультациялық қызмет ұйымдастыру**

Мүгедектігі бар адамдарға психо-әлеуметтік көмек көрсету мақсатында консультациялық қызмет ұйымдастырылды. Кеңестерді психолог маманы Наазарова Дарига Мадемхановна жүргізді. Бұл қызмет аясында жеке және топтық кеңестер өткізіліп, жалпы саны 30 астам кеңес берілді.

Кеңес беру барысында қызмет алушыларға әлеуметтік бейімделу, эмоционалдық тұрақтылықты арттыру, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру және өмірлік қиындықтарды еңсеру жолдары туралы кеңестер берілді. Мамандар әрбір қатысушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың сұраныстарына сәйкес психологиялық қолдау көрсетті.

Бұл жұмыс мүгедектігі бар адамдардың қоғаммен байланысын нығайтуға, өз-өзіне сенімділігін арттыруға және күнделікті өмірде кездесетін мәселелерді шешу қабілетін дамытуға ықпал етті. Кеңестер барысында алынған ақпарат пен тәжірибе олардың әлеуметтік интеграциясына оң әсер етті.

***2-іс-шара. Мүгедектігі бар адамдарға құқықтық кеңес беру үшін консультациялық қызмет ұйымдастыру***

Мүгедектігі бар адамдарға құқықтық көмек көрсету мақсатында консультациялық қызмет ұйымдастырылып, 50 құқықтық кеңес берілді. Кеңес беруші заңгер маман Тургунбаев Ғалымжан Талғатұлы.

Кеңестер барысында қатысушыларға құқықтық мәселелерді шешуге бағытталған нақты ақпарат пен қолдау көрсетілді. Олардың ішінде әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды алу тәртібі, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, білім алу және медициналық қызметтерді пайдалану құқықтары бойынша сұрақтар қарастырылды.

Қызмет алушылар өз құқықтары мен мүмкіндіктерін тереңірек түсініп, заңды механизмдерді тиімді пайдалануды үйренді. Кеңестер жеке қажеттіліктер мен нақты жағдайларға бейімделген шешімдер ұсынуға бағытталды, бұл мүгедектігі бар адамдардың құқықтық сауаттылығын арттырып, олардың өз құқықтарын қорғау қабілетін нығайтты.

**3-міндет. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған шеберлік сағаттар ұйымдастыру және әлеуметтік көрме ұйымдастыру**

***1-іс-шара. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған кемінде 3 шеберлік сағат (қолөнер бұйымдарын жасау, қыш өнері, сабын қайнату және тб) ұйымдастыру***

Аймақта ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған үш шеберлік сағаты ұйымдастырылып, **жалпы** 54 **адам қамтылды**. Шара барысында қатысушылар қолөнер бұйымдарын жасау, қыш өнері және сабын қайнату сияқты бағыттарда практикалық дағдыларды меңгерді. Бұл шеберлік сағаттары олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, жаңа дағдыларды игеруге мүмкіндік берді. Қатысушылар өз қолдарымен ерекше бұйымдар жасады, бұл олардың өзін-өзі жұмыспен қамту әлеуетін арттыруға ықпал етті. Сонымен қатар, бұл шара олардың өзара қарым-қатынасын жақсартып, қоғаммен интеграциялану мүмкіндіктерін кеңейтті. Осылайша, шеберлік сағаттары ерекше қажеттілігі бар жастардың шығармашылық және әлеуметтік дамуына оң әсер етті.

***2-іс-шара. Өткізілген шеберлік сағат нәтижесінде жасалған бұйымдар мен өнімдердің әлеуметтік көрмесін ұйымдастыру.***

Өткізілген шеберлік сағаттардың нәтижесінде қатысушылар жасаған бұйымдар мен өнімдердің әлеуметтік көрмесі ұйымдастырылды. Бұл көрмеде қолөнер бұйымдары, қыш өнері туындылары, сабын қайнату өнімдері және басқа да ерекше жұмыстар ұсынылды. Көрме қатысушылардың еңбегін бағалауға және олардың шығармашылық әлеуетін қоғамға танытуға бағытталды. Бұл іс-шара көрермендер арасында үлкен қызығушылық тудырып, ерекше қажеттіліктері бар жастардың мүмкіндіктері мен жетістіктерін айқындады. Көрме қатысушылардың өз күштеріне деген сенімдерін нығайтып, олардың шығармашылық және кәсіпкерлік әлеуетін дамытуға септігін тигізді. Сонымен қатар, бұл шара оларға өз өнімдерін нарыққа шығару, тапсырыстар алу немесе әлеуетті серіктестермен байланыс орнату мүмкіндігін берді. Көрменің сәтті ұйымдастырылуы ерекше қажеттілігі бар жастардың болашағына оң әсерін тигізіп, олардың қоғаммен байланысын күшейтуге мүмкіндік жасады.

**4-міндет. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарды кәсіп ашуға ынталандыру мақсатында шағын грант үлестіру және іске асуына мониторинг жасау**

***1-іс-шара. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарды кәсіп ашуға ынталандыру мақсатында соммасы 200 000 теңгені құрайтын 10 шағын грант үлестіру және іске асуына мониторинг жасау***

Шағын грант конкурсы жоба аясында қысқа мерзімді курстан өткен және сертификат алған жастар арасында өткізілді. Конкурс 04-10 қараша аралығында өткізілді. Конкурсқа 34 өтінім келіп түсті. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарды кәсіп ашуға ынталандыру мақсатында 200 000 теңге көлемінде 10 шағын грант бөлінді.

***2-іс-шара. Шағын гранттарды қаржыландыру және мониторинг жасау***

Әр гранттың тиімді пайдаланылуын бақылау үшін арнайы мониторинг жүргізілді. Бұл мониторинг грант алушылардың жобаларының қалай жүзеге асырылып жатқанын, қаржының мақсатты түрде жұмсалуын және кәсіптерінің дамуын қадағалады.

**5 міндет. Жобаны ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету.**

***1-іс-шара. Аймақтағы мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік қолдау механизмдері, «жұмсақ» дағдыларды дамыту және басқа да өзекті ақпараттар жайлы посттар мен мақалалар жариялау***

Жоба аясында аймақтағы мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік қолдау механизмдері, «жұмсақ» дағдыларды дамыту және басқа да өзекті мәселелер туралы 90 пост пен мақала жарияланды. Бұл жұмыстар аймақтық ақпараттық науқандар аясында жүзеге асырылып, мүгедектігі бар жастар мен олардың отбасыларына қатысты маңызды ақпаратты таратуға, сонымен қатар олардың әлеуметтік интеграциясын арттыруға бағытталған.Посттар мен мақалаларда мүгедектігі бар жастар үшін қолданыстағы мемлекеттік қолдау шаралары кеңінен талқыланды. Қаржылай көмек, әлеуметтік жәрдемақылар, білім беру саласындағы инклюзивті бағдарламалар, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мен арнайы тұрғын үй бағдарламалары туралы ақпараттар берілді. Бұл мәліметтер мүгедектігі бар жастар мен олардың ата-аналары үшін пайдалы болып, мемлекеттік көмекке қол жеткізу мүмкіндіктерін арттырды.

***2-іс-шара. Аймақтағы жоба аясында үздік нәтиже көрсеткен шағын грант иелері мен мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдер жайлы мотивациялық видеоролик дайындау***
Жоба аясында аймақтағы үздік нәтиже көрсеткен қысқа мерзімді курс түлектері және шағын грант иелері мен мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған мотивациялық бейнероликтер дайындалды. Мақсаты – мүгедектігі бар жастардың қоғамдағы белсенділігін арттырып, олардың жетістіктерін көрсету және басқа азаматтарды еңбек нарығына, білім алу мен кәсіби дамуға ынталандыру. Жоба аясында қысқа мерзімді курс түлектері Нұржанат Қощан мен Әсемай Жетібайқызы бейнероликтерде басты рөлдерді атқарды. Нұржанат бизнес дағдыларын жетілдіріп, шағын грант ұтып алған, Әсемай креативті индустрияда білімін арттырған. Әр бейнеролик қатысушылардың жеке тәжірибесіне негізделген, олар жастарды кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және жеке дамуға ынталандырады. Жоба нәтижесінде мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдердің қоғамдағы орны мен еңбек нарығындағы мүмкіндіктері жайлы маңызды ақпараттар таралды. Бейнероликтер әлеуметтік желілер арқылы таратылды және 2000-нан қаралым жинады.

***3-іс-шара. Сапалық нәтижелер мен оларды өлшеу тәсілдері***

Жоба еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру және олардың әлеуметтік, еңбек саласына интеграциялануын қолдауға бағытталды. Жоба барысында мүгедектігі бар азаматтардың қажеттіліктері анықталып, креативті индустриялар арқылы олардың еңбек нарығына енуіне жәрдемдесу шаралары қабылданды. Әлеуметтік және еңбек интеграциясы жоқ адамдардың үлесі айқындалды, және креативті индустрияларда арнайы оқыту курстары мен тренингтер ұйымдастырылды. Жобаға қатысушылардың қанағаттану деңгейі мен алған білімдерінің нәтижелілігі арнайы сауалнама арқылы бағаланды. Жоба нәтижесінде мүгедектігі бар адамдардың еңбек нарығына қатысуы артты, әлеуметтік бейімделуі мен кәсіби дағдыларын дамыту мүмкіндіктері ұлғайды.

**Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижелерінің қорытынды жария презентациясы**

**1-іс-шара.** 2024 жылғы 27 қарашада жобаның ресми жабылуына арналған салтанатты іс-шара өтті. Бұл шара жобаның барлық кезеңдерінің қорытындысы болып, атқарылған жұмыстарды ұсынуға және қатысушыларға, серіктестер мен мүдделі тараптарға тәжірибе алмасуға мүмкіндік берді. Шараға Маңғыстау облысы Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай қатысты. Іс-шара барысында жобаның жетістіктері, қол жеткізілген нәтижелер мен іске асырылған шаралар туралы айтылып, болашақта осы бағытта атқарылатын жұмыстардың маңызы атап өтілді. Сонымен қатар, қатысушылар өздерінің ой-пікірлерімен бөлісіп, жобаның оң әсерін талқылағын болатын. Бұл іс-шара, сондай-ақ, жобаның нәтижелерін кеңінен таратуға және қоғамды ақпараттандыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Жобаның қорытынды жабылуында қысқа мерзімді курс түлектеріне сертификаттар табысталды және курс жаттықтырушылары Басқарма тарапынан алғыс хаттармен марапатталды.

**Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы ақпараттық жұмыс**
**1-іс-шара.** Жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде әлеуметтік желілерде және интернет порталдарында кемінде 20 посттар мен мақалалар дайындалады
Жобаны жүзеге асыру барысында әлеуметтік желілер мен интернет порталдарында 90 жарияланым (пост), мақала дайындалып, жарияланды. Бұл материалдар жобаның әр кезеңіндегі жетістіктер мен нәтижелерді кеңінен таратуға, қоғамды ақпараттандыруға және мүдделі тараптармен байланыс орнатуға бағытталды. Әлеуметтік желілерде және интернет порталдарында жобаның маңызды шаралары, қатысушылардың жетістіктері мен алға қойған мақсаттарға жету жолдары туралы ақпараттар орналастырылды. Бұл посттар мен мақалалар қоғамдастықтың жобаның нәтижелеріне деген қызығушылығын арттырды, жастарды кәсіпкерлікке ынталандырды және жобаның мақсаттарына қол жеткізу бойынша маңызды ақпараттармен бөлісті. Сондай-ақ, бұл контент қоғамның жобаны қолдауға, оның ықпалы туралы пікірлер мен ұсыныстар білдіруге мүмкіндік берді.

1. **Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):**

- Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар кемінде 150 жасқа кемінде 5 бағыт бойынша 11 қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды
- Аймақтағы мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған консультативтік кеңсенің жұмысын ұйымдастырылды және 60 консультациялық көмек беріледі.
- Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған 3 шеберлік сағат ұйымдастырылды және әлеуметтік көрме ұйымдастырылды
- Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарды кәсіп ашуға ынталандыру мақсатында соммасы 200 000 теңгені құрайтын 10 шағын грант үлестірілді және іске асуына мониторинг жасалды
- Аймақтағы мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік қолдау механизмдері, «жұмсақ» дағдыларды дамыту және басқа да өзекті ақпараттар жайлы 90 посттар мен мақалалар жарияланды.
- Аймақтағы жоба аясында үздік нәтиже көрсеткен шағын грант иелері мен мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдер жайлы 2 мотивациялық видеоролик дайындалды.

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | |
|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | Ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған қысқа мерзімді курстарды ұйымдастыру арқылы аталмыш топтағы жасты әлеуметтендіру |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | 1. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар кемінде 150 жасқа кемінде 5 бағыт бойынша 11 қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды<br>2. Аймақтағы мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған консультативтік кеңсенің жұмысын ұйымдастырылды және 50 консультациялық көмек беріледі.<br>3. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған 3 шеберлік сағат ұйымдастырылды және әлеуметтік көрме ұйымдастырылды<br>4. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарды кәсіп ашуға ынталандыру мақсатында соммасы 200 000 теңгені құрайтын 10 шағын грант үлестірілді және іске асуына мониторинг жасалды<br>5. Аймақтағы мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік қолдау механизмдері, «жұмсақ» дағдыларды дамыту және басқа да өзекті ақпараттар жайлы 20 посттар мен мақалалар жарияланды.<br>6. Аймақтағы жоба аясында үздік нәтиже көрсеткен шағын грант иелері мен мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдер жайлы 2 мотивациялық видеоролик дайындалды. |

| **Міндет** | **Міндет шеңберіндегі іс-шаралар** | **Өткізілу күні** | **Өткізілу орны** | **Қатысушылардың саны** | **(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер** | **Сандық және сапалық көрсеткіштер** | **Индикаторлар** | | **Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | **жоспар** | **факт** | |
| 1 міндет. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар кемінде 150 жасқа кемінде 5 бағыт бойынша қысқа мерзімді | Ерекше қажеттілігі бар кемінде 150 жасқа кемінде 5 бағыт (СММ, мобилография, тігін және қол өнер, аспаз, графикалық | Маусым-қараша айлары | Маңғыстау облысы, Ақтау, Жаңаөзен қалалары, Бейнеу ауданы | 150 адам | Маңғыстау облысында ерекше қажеттілігі бар 150 жасқа арналған 5 бағыт бойынша қысқа мерзімді курстар сәтті ұйымдастырылып, өткізілді. Курстар СММ, | Тапсырыс берушімен келісілген курс бағдарламасы<br><br>Қысқа мерзімді курстар саны (СММ, мобилография, тігін және қол өнер, аспаз, | 1<br><br>5 | 5<br><br>11 | 1. Қатысушылар SMM, мобилография, аспаздық, тігін, қолөнер және компьютерлік сауаттылық сияқты салаларда құнды білім мен тәжірибе алды. Бұл олардың жұмысқа |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| курстарды ұйымдастыру | дизайн, т.б.) бойынша қысқа мерзімді курстарды ұйымдастырып өткізу | | | | мобилография, тігін және қолөнер, аспаз, компьютерлік сауаттылық бағыттарын қамтыды. Барлығы 11 курс өткізілді, олардың әрқайсысы қатысушылардың кәсіби және тұрмыстық дағдыларын дамытуға бағытталды:<br><br>1. Мобилография курсы –<br>2. Аспаз курсы –<br>3. Компьютерлік сауаттылық –<br>4. Тігін және қолөнер курсы – СММ курсы – | графикалық дизайн, т.б.)<br><br>Курс материалдары (презентация)<br><br>Қатысушылар тізімі (АЖТ, жасы, ұялы нөмірі)<br><br>Оқытушылар тізімі және ақпарат<br><br>Қатысушылар саны<br><br>Қатысу журналы<br><br>Сертификат<br><br>Фото сурет | 1 (әр курс бойынша)<br><br>1 (әр курс бойынша)<br><br>Кемінде 150<br><br>1 (әр курс бойынша)<br><br>1 (әр курс бойынша)<br>1 (150 дана)<br><br>Кемінде 10 (әр курс бойынша)<br>1 | 1 (әр курс бойынша)<br><br>1 (әр курс бойынша)<br><br>160<br><br>1 (әр курс бойынша)<br><br>1 (әр курс бойынша)<br>1(150 дана)<br><br>Кемінде 10 (әр курс бойынша)<br>1 | орналасу және өзін-өзі жұмыспен қамту мүмкіндіктерін кеңейтіп, экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуіне ықпал етеді.<br><br>2. Инклюзивті оқыту арқылы қатысушылар өз-өзіне деген сенімділігін арттырып, әлеуметтік дағдыларын жақсартады.<br><br>3. Бағдарламаның табысты жүзеге асырылуы аймақтық билік органдары мен ұйымдарды осындай бастамаларды кеңейтуге ынталандырады, бұл инклюзивті білім беру жүйесін жоғары деңгейде |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | Хаттама<br><br>Қанағаттану деңгейі | 80% | 80% | дамытуға ықпал етеді. |
| 2 міндет. Аймақтағы мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған консультативтік кеңсенің жұмысын ұйымдастыру | Мүгедектігі бар адамдарға психо-әлеуметтік кеңес беру үшін консультациялық қызмет ұйымдастыру | Маусым-қараша айлары | Маңғыстау облысы | 32адам | Мүгедектігі бар адамдарға психо-әлеуметтік көмек көрсету мақсатында консультациялық қызмет ұйымдастырылды. Кеңестерді психолог маманы Наазарова Дарига Мадемхановна жүргізді. Бұл қызмет аясында жеке және топтық кеңестер өткізіліп, жалпы саны 32 кеңес берілді.<br><br>Кеңес беру барысында қызмет алушыларға әлеуметтік бейімделу, | Консультациялық қызмет<br><br>Кеңес алушылар саны<br><br>Тіркеу журналы<br><br>Өтініштерді талдау жасау<br><br>Психолог мамаының ай сайынғы есебі<br><br>Фото<br><br>Видео<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 1 қызмет<br><br>Кемінде 25 адам<br><br>1 журнал<br><br>1 талдау (анализ)<br><br>6 есеп<br><br>1 (әр консультациядан)<br>1 (әр кварталға)<br><br>3 | 1 қызмет<br><br>32 адам<br><br>1 журнал<br><br>1 талдау (анализ)<br><br>6 есеп<br><br>1 (әр консультациядан)<br><br>1 (әр кварталға)<br><br>3 | 1) Психо-әлеуметтік кеңес беру мүгедектігі бар адамдардың қоғамға бейімделуіне ықпал етеді. Олар өз құқықтарын түсініп, әлеуметтік қатынастарға белсенді қатысуға мүмкіндік алады, бұл олардың қоғамның тең құқықты мүшесі ретінде өзін-өзі сезінуіне көмектеседі.<br><br>2) Алынған психологиялық қолдау олардың эмоционалдық жағдайын жақсартады, стрессті жеңуге және өмірдің қиындықтарымен |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | эмоционалдық тұрақтылықты арттыру, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру және өмірлік қиындықтарды еңсеру жолдары туралы кеңестер берілді. Мамандар әрбір қатысушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың сұраныстарына сәйкес психологиялық қолдау көрсетті. | | | | күресуге қабілеттілігін арттырады. Бұл олардың жалпы өмір сапасының жақсаруына септігін тигізеді. |
| | Мүгедектігі бар адамдарға құқықтық кеңес беру үшін консультациялық қызмет ұйымдастыру | Маусым-қараша айлары | Маңғыстау облысы | 50 адам | Мүгедектігі бар адамдарға құқықтық көмек көрсету мақсатында консультациялық қызмет ұйымдастырылып, 50 құқықтық кеңес берілді. Кеңес беруші заңгер маман Тургунбаев | Консультациялық кенсе<br><br>Кеңес алушылар саны<br><br>Тіркеу журналы<br><br>Өтініштерді талдау жасау<br><br>Зангер туралы акпарат | 1<br><br>Кемінде 50 адам<br><br>1 журнал<br><br>1 талдау (анализ)<br><br>1 | 1<br><br>50 адам<br><br>1 журнал<br><br>1 талдау (анализ)<br><br>1 | 1) Қатысушылар өз құқықтары туралы жан-жақты ақпарат алды, бұл олардың құқықтық мәселелерді дербес шешуіне мүмкіндік береді. 2) Заңды құқықтары мен мүмкіндіктерін түсіну олардың |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ғалымжан Талғатұлы. Кеңестер барысында қатысушыларға құқықтық мәселелерді шешуге бағытталған нақты ақпарат пен қолдау көрсетілді. Олардың ішінде әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақыларды алу тәртібі, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, білім алу және медициналық қызметтерді пайдалану құқықтары бойынша сұрақтар қарастырылды. | Зангердің есебі<br><br>Фото<br><br>Видео<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 6 есеп<br><br>1 (әр консультациядан)<br><br>1 (әр кварталға)<br><br>3 | 6 есеп<br><br>1 (әр консультациядан)<br><br>1 (әр кварталға)<br><br>3 | қоғамдағы рөлін күшейтеді және әлеуметтік интеграцияға ықпал етеді.<br>3) Осындай консультациялар мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді құқықтық көмек көрсету механизмдерін нығайтуға жол ашады. |
| 3-міндет. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған | Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған кемінде 3 шеберлік | Қыркүйек-қазан айлары | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 54 қатысушы | Аймақта ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған үш шеберлік сағаты ұйымдастырылып, жалпы 54 | Тапсырыс берушімен бекітілген шеберлік сағатының бағдарламасы | 1 | 3 | 1)Шеберлік сағаттары барысында игерілген қолөнер, қыш өнері және сабын қайнату |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| шеберлік сағаттар ұйымдастыру және әлеуметтік көрме ұйымдастыру | сағат (қолөнер бұйымдарын жасау, қыш өнері, сабын қайнату және тб) ұйымдастыру | | | | адам қамтылды. Шара барысында қатысушылар қолөнер бұйымдарын жасау, қыш өнері және сабын қайнату сияқты бағыттарда практикалық дағдыларды меңгерді. Бұл шеберлік сағаттары олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, жаңа дағдыларды игеруге мүмкіндік берді. Қатысушылар өз қолдарымен ерекше бұйымдар жасады, бұл олардың өзін-өзі жұмыспен қамту әлеуетін арттыруға ықпал етті. | Қолөнер бұйымдарын жасау, қыш өнері, сабын қайнату бойынша шеберлік сағат саны<br><br>Қатысушылар саны<br><br>Қатысушылар тізімі<br><br>Фото<br><br>Тренерлер тізімі және ақпарат<br><br>Видео<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 3<br><br>50 қатысушы<br><br>1 (әр шеберлік сағаттан)<br><br>5 (әр шеберлік сағаттан)<br><br>1<br><br>1 (әр шеберлік сағаттан)<br><br>1 (әр шеберлік сағаттан) | 3<br><br>54 қатысушы<br><br>1 (әр шеберлік сағаттан)<br><br>5 (әр шеберлік сағаттан<br><br>1<br><br>1 (әр шеберлік сағаттан<br><br>1 (әр шеберлік сағаттан) | дағдылары ерекше қажеттілігі бар жастардың өзін-өзі жұмыспен қамтуына немесе шағын бизнес ашуына мүмкіндік береді. Бұл олардың экономикалық тәуелсіздігін арттыруға ықпал етеді.<br><br>2)Қатысушылардың жаңа дағдыларды меңгеруі және өзара байланыстарын нығайтуы олардың қоғамға белсенді араласуына жағдай жасайды. Бұл инклюзивті қоғам құруға септігін тигізеді.<br><br>3) Шеберлік сағаттары ерекше қажеттіліктері бар жастардың шығармашылық |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | мүмкіндіктерін дамытып, болашақта кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ынталандырады. |
| | Өткізілген шеберлік сағат нәтижесінде жасалған бұйымдар мен өнімдердің әлеуметтік көрмесін ұйымдастыру. | Қазан-қараша айлары | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 39 қатысушы | Өткізілген шеберлік сағаттардың нәтижесінде қатысушылар жасаған бұйымдар мен өнімдердің әлеуметтік көрмесі ұйымдастырылды. Бұл көрмеде қолөнер бұйымдары, қыш өнері туындылары, сабын қайнату өнімдері және басқа да ерекше жұмыстар ұсынылды. Көрме қатысушылардың еңбегін бағалауға және олардың шығармашылық әлеуетін қоғамға | Тапсырыс берушімен бекітілген көрме бағдарламасы<br><br>Әлеуметтік көрме саны<br><br>Қатысушы шеберлердің тізімі<br><br>Фото<br><br>Видео<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>10<br><br>1<br><br>1 | 1<br><br>1<br><br>1<br><br>10<br><br>1<br><br>1 | 1) Қатысушылар жасаған бұйымдары арқылы тұрақты табыс көзіне ие болуға және кәсіпкерлікке бет бұруға мүмкіндік алады.<br><br>2)Көрме ерекше қажеттіліктері бар жастарды қоғамның мойындауына ықпал етіп, олардың әлеуметпен байланысын күшейтеді.<br><br>3)Қатысушылар өз дағдыларын жетілдіріп, жаңа идеялар мен өнімдер жасауға ынталанады, бұл олардың ұзақ |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | танытуға бағытталды. | | | | мерзімді дамуына септігін тигізеді. |
| 4-міндет. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарды кәсіп ашуға ынталандыру мақсатында шағын грант үлестіру және іске асуына мониторинг жасау | Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарды кәсіп ашуға ынталандыру мақсатында соммасы 200 000 теңгені құрайтын 10 шағын грант үлестіру және іске асуына мониторинг жасау | Қыркүйек-қараша айлары | Маңғыстау облысы | 10 қатысушы | Шағын грант конкурсы жоба аясында қысқа мерзімді курстан өткен және сертификат алған жастар арасында өткізілді. Конкурс 04-10 қараша аралығында өткізілді. Конкурсқа 34 өтінім келіп түсті. Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарды кәсіп ашуға ынталандыру мақсатында 200 000 теңге көлемінде 10 шағын грант бөлініп, олар іске асырылды. Бұл гранттар кәсіп ашуға қажетті құрал-жабдықтар мен бастапқы | Шағын грант саны<br>Тапсырыс берушімен бекітілген шағын грант конкурсының ережесі<br>Өтінім берушілер тізімі<br>Өтінім саны<br>Іріктеуден өткен өтінім берушілер және ақпарат<br>Хаттама<br>Комиссия тізімі және ақпарат<br>Фото/видео<br>Жастарға берілген грант<br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 10<br>1<br>1<br>Кемінде 30 өтінім<br>10<br>1<br>1<br>10/1<br>10*200 000тг<br>1 | 10<br>1<br>1<br>Кемінде 30 өтінім<br>10<br>1<br>1<br>10/1<br>10*200 000тг<br>1 | Шағын гранттар жастарға қаржылық тәуелсіздікке жетуге және өз-өзіне қамқор болуға мүмкіндік берді, бұл олардың өмір сапасын жақсартуға септігін тигізді. Гранттар аймақтағы жастардың кәсіпкерлік әлеуетін арттыруға, олардың экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге және әлеуметтік интеграциясын нығайтуға ықпал етті. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | капитал алуға бағытталды. Гранттар жастарға өз бизнесін дамытуға және өз кәсіптерін табысты іске қосуға мүмкіндік берді. | БАҚ-та жарияланым | 1 | 1 | |
| | Шағын гранттарды қаржыландыру және мониторинг жасау | Қыркүйек-қараша айлары | Маңғыстау облысы | 10 қатысушы | Әр гранттың тиімді пайдаланылуын бақылау үшін арнайы мониторинг жүргізілді. Бұл мониторинг грант алушылардың жобаларының қалай жүзеге асырылып жатқанын, қаржының мақсатты түрде жұмсалуын және кәсіптерінің дамуын қадағалады. Гранттар кәсіп ашу үшін қажетті құрал-жабдықтар мен | Келісім шарт саны<br><br>Шағын гранттарды іске асыру туралы бағдарламалық және қаржылық есеп<br><br>Мониторинг есебі<br><br>Фото/видео есеп | 10<br><br>10<br><br>1<br><br>5/1 (әр шағын гранттан) | 10<br><br>10<br><br>1<br><br>5/1 (әр шағын гранттан) | Шағын гранттар жастарға қаржылық тәуелсіздікке жетуге және өз-өзіне қамқор болуға мүмкіндік берді, бұл олардың өмір сапасын жақсартуға септігін тигізді. Гранттар аймақтағы жастардың кәсіпкерлік әлеуетін арттыруға, олардың экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге және әлеуметтік интеграциясын |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | бастапқы капитал алуға берілді, және олардың пайдаланылуы туралы тұрақты есептер қабылданып отырды. Мониторинг барысында қаржының мақсатқа сай жұмсалуы, өндірістік процесстердің тиімділігі, сондай-ақ бизнес моделінің тұрақтылығы тексерілді. | | | | нығайтуға ықпал етті. |
| 5 міндет. Жобаны ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету. | Аймақтағы мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік қолдау механизмдері, «жұмсақ» дағдыларды дамыту және басқа да | Маусым-қараша айлары | | | Жоба аясында аймақтағы мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік қолдау механизмдері, «жұмсақ» дағдыларды дамыту және басқа да өзекті мәселелер | Дайджест<br>Әлеуметтік желілерде және БАҚта посттар мен мақалалар жариялау<br>Ақпараттық қамту (жанама)<br>Медиа жоспар | 1<br>20<br>Кемінде 10 000 адам | 1<br>20<br>Кемінде 10 000-адам | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | өзекті ақпараттар жайлы посттар мен мақалалар жариялау | | | | туралы 103 пост пен мақала жарияланды. Бұл жұмыстар аймақтық ақпараттық науқандар аясында жүзеге асырылып, мүгедектігі бар жастар мен олардың отбасыларына қатысты маңызды ақпаратты таратуға, сонымен қатар олардың әлеуметтік интеграциясын арттыруға бағытталған.Посттар мен мақалаларда мүгедектігі бар жастар үшін қолданыстағы мемлекеттік қолдау шаралары кеңінен талқыланды. Қаржылай көмек, | Статистика | 1<br>1 | 1<br>1 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әлеуметтік жәрдемақылар, білім беру саласындағы инклюзивті бағдарламалар, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мен арнайы тұрғын үй бағдарламалары туралы ақпараттар берілді. Бұл мәліметтер мүгедектігі бар жастар мен олардың ата-аналары үшін пайдалы болып, мемлекеттік көмекке қол жеткізу мүмкіндіктерін арттырды. | | | | |
| | Аймақтағы жоба аясында үздік нәтиже көрсеткен шағын грант иелері мен мүгедектігі бар жастар | Маусым-қараша айлары | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 2 000 -нан аса | Жоба аясында аймақтағы үздік нәтиже көрсеткен қысқа мерзімді курс түлектері және шағын грант иелері мен мүгедектігі бар | Видеоролик дайындау<br><br>Видеоролик сценарийін жазу<br><br>Видеороликтерді әлеуметтік | 2<br><br>2<br><br>Кемінде 2 000 | 2<br><br>2<br><br>Кемінде 2 000 | Бейнероликтердің ұзақ мерзімді нәтижесі мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдердің қоғамдағы әлеуметтік бейімделуі мен |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | мен жасөспірімдер жайлы мотивациялық видеоролик дайындау | | | | жастар мен жасөспірімдерге арналған мотивациялық бейнероликтер дайындалды. Мақсаты – мүгедектігі бар жастардың қоғамдағы белсенділігін арттырып, олардың жетістіктерін көрсету және басқа азаматтарды еңбек нарығына, білім алу мен кәсіби дамуға ынталандыру. Жоба аясында қысқа мерзімді курс түлектері Нұржанат Қощан мен Әсемай Жетібайқызы бейнероликтерде басты рөлдерді атқарды. Нұржанат бизнес дағдыларын жетілдіріп, шағын грант | желілерде жариялау | қаралым | қаралым | еңбек нарығына енуіне маңызды ықпал етеді. Бұл бейнероликтер жастарға өздерінің әлеуетіне сенімділік артып, оларды кәсіпкерлік, шығармашылық және кәсіби даму салаларында белсенділік танытуға ынталандырады. Сонымен қатар, бейнероликтер мүгедектігі бар азаматтардың қоғамда толыққанды орын алуына және әлеуметтік интеграцияға ықпал етеді. Ұзақ мерзімде бұл бейнероликтер мүгедектігі бар жастарға арналған қолдау шараларын нығайтып, олардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұтып алған, Әсемай креативті индустрияда білімін арттырған. Әр бейнеролик қатысушылардың жеке тәжірибесіне негізделген, олар жастарды кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және жеке дамуға ынталандырады. Жоба нәтижесінде мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдердің қоғамдағы орны мен еңбек нарығындағы мүмкіндіктері жайлы маңызды ақпараттар таралды. Бейнероликтер әлеуметтік желілер арқылы таратылды және 2000-нан | | | | арттырып, қоғамда тең құқылы азамат ретінде танылуына себеп болады. Жоба нәтижесінде мүгедектігі бар адамдардың әлеуеті мен қоғамға қосқан үлесі көрініс тауып, қоғамның жалпы мәдениетінде өзгерістер болады. |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қаралым жинады. | | | | |
| | Сапалық нәтижелер мен оларды өлшеу тәсілдері | Маусым -қараша айлары | Маңғыстау облысы | | Жоба еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру және олардың әлеуметтік, еңбек саласына интеграциялануын қолдауға бағытталды. Жоба барысында мүгедектігі бар азаматтардың қажеттіліктері анықталып, креативті индустриялар арқылы олардың еңбек нарығына енуіне жәрдемдесу шаралары қабылданды. Әлеуметтік және еңбек интеграциясы жоқ адамдардың үлесі айқындалды, және креативті | Әлеуметтік және еңбек интеграциясы жоқ мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу туралы ақпарат<br><br>Әлеуметтік және еңбек интеграциясы жоқ еңбекке қабілетті жастағы мүгедектігі бар адамдардың үлесін және олардың аймақтағы қажеттіліктерін айқындау<br><br>Жобаны іске асыру шеңберінде әртүрлі нысандар арқылы, оның ішінде бір немесе одан да көп елді мекендердегі креативті индустрия арқылы әлеуметтік және | 1<br><br>1<br><br>Кемінде 10% | 1<br><br>1<br><br>Кемінде 10% | Жобаның ұзақ мерзімді нәтижесі мүгедектігі бар адамдардың еңбек нарығына толыққанды интеграциялануы мен әлеуметтік бейімделуінің артуында көрініс табады. Креативті индустриялар арқылы алынған жаңа дағдылар мен білімдер қатысушылардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін ұлғайтып, олардың кәсіби және жеке дамуына ықпал етеді. Әлеуметтік және еңбек интеграциясы жоқ топтар арасындағы айырмашылықтар азайып, мүгедектігі бар адамдардың қоғамда тең |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | индустрияларда арнайы оқыту курстары мен тренингтер ұйымдастырылды. Жобаға қатысушылардың қанағаттану деңгейі мен алған білімдерінің нәтижелілігі арнайы сауалнама арқылы бағаланды. Жоба нәтижесінде мүгедектігі бар адамдардың еңбек нарығына қатысуы артты, әлеуметтік бейімделуі мен кәсіби дағдыларын дамыту мүмкіндіктері ұлғайды. | еңбек интеграциясы бар еңбекке қабілетті жастағы мүгедек адамдардың үлесін ұлғайту<br><br>Жобаға қатысушылардың қанағаттану деңгейін бағалау<br><br>Жобаға қатысушылардың алған білімдерін өлшеу және іс шаралардың жалпы тиімділігін бағалау үшін сауалнама жүргізу және кері байланыс жинау | <br><br><br><br><br><br><br>1<br><br><br><br><br>10 | <br><br><br><br><br><br><br>1<br><br><br><br><br>10 | құқықты азамат ретінде танылуына жағдай жасалады. |
| Шарт талаптарына сәйкес жоба нәтижеле | Жоба нәтижелерінің бойынша қорытынды жария презентация | 27 қараша 2024 жыл | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы | 80 қатысушы | 2024 жылғы 27 қарашада жобаның ресми жабылуына арналған салтанатты іс- | Қорытынды жария презентациясы | 1 презентация | 1 презентация | Жобаның нәтижелері мен жетістіктері қоғамдастыққа кеңінен таныстырылып, |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| рінің қорытынды жария презентациясы | сын жариялау | | | | шара өтті. Шараға Маңғыстау облысы Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Мұқаш Оралбай қатысты. Жобаның қорытынды жабылуында қысқа мерзімді курс түлектеріне сертификаттар табысталды және курс жаттықтырушылары Басқарма тарапынан алғыс хаттармен марапатталды. | | | | инклюзивті қоғам құруға бағытталған шаралар бойынша түсіністік пен қолдау артты. Бұл жастардың кәсіпкерлік бастамаларын жүзеге асыруға ықпал етеді. |
| Шарт талаптарына сәйкес жобаның орындалу барысы туралы | Жобаны жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде әлеуметтік желілерде және интернет | Маусым-қараша айлары | | | Жобаны жүзеге асыру барысында әлеуметтік желілер мен интернет порталдарында 91 жарияланым (пост) және 12 | Дайджест<br><br>Әлеуметтік желілерде жариялау<br><br>БАҚ-та мақала жариялау | 1 қорытынды дайджест<br><br>Кемінде 20 | 1 қорытынды дайджест<br><br>93 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ақпараттық жұмыс | порталдарында кемінде 20 посттар мен мақалалар дайындалады | | | | мақала дайындалып, жарияланды. Бұл материалдар жобаның әр кезеңіндегі жетістіктер мен нәтижелерді кеңінен таратуға, қоғамды ақпараттандыруға және мүдделі тараптармен байланыс орнатуға бағытталды. Әлеуметтік желілерде және интернет порталдарында жобаның маңызды шаралары, қатысушылардың жетістіктері мен алға қойған мақсаттарға жету жолдары туралы ақпараттар орналастырылды. Бұл посттар мен мақалалар қоғамдастықтың жобаның | Ақпараттық қамту (жанама)<br><br>Пресс анонс | жариялаexisting ным<br><br>Кемінде 2 мақала<br><br>Кемінде 10 000 адам<br><br>Кемінде 3 | Кемінде 2 мақала<br><br>Кемінде 10 000 адам<br><br>Кемінде 3 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | нәтижелеріне деген қызығушылығын арттырды, жастарды кәсіпкерлікке ынталандырды және жобаның мақсаттарына қол жеткізу бойынша маңызды ақпараттармен бөлісті. Сондай-ақ, бұл контент қоғамның жобаны қолдауға, оның ықпалы туралы пікірлер мен ұсыныстар білдіруге мүмкіндік берді. | | | | |

**Жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі/егер бар болса, жоспардан ауытқудың негіздемесі:**
Жоспарланған нәтижелер мен алынған нәтижелер толықтай сәйкес келеді, ауытқу болған жоқ. Барлық жоспарланған іс-шаралар, оның ішінде шағын гранттар үлестіру, шеберлік сағаттары ұйымдастыру және консультациялық қызмет көрсету, өз уақытында жүзеге асырылып, қойылған мақсаттар орындалды. Әрбір кезең бойынша мониторинг жүргізіліп, нәтижелер мен көрсеткіштер қадағаланып, жоспардан ауытқу байқалмады. Бұл шаралар аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастардың кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға, әлеуметтік және экономикалық интеграциясын нығайтуға сәтті ықпал етті.

**Әлеуметтік жобаның әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсететін кестені толтырыңыз**

| | Индикатор | Өлшем бірлігі | Жоспарланған деңгейі | Нақты деңгейі |
|---|---|---|---|---|
| 1. | Тікелей бенефициарлардың саны | адам | Кемінде 200 | 303 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 2. | Жанама бенефициарлардың саны (БАҚ-та жарықтандыру есебінен) | адам | Кемінде 10 000 | Кемінде 10 000 |
| 3. | Штаттық қызметкерлердің саны | адам | Кемінде 3 | Кемінде 3 |
| 4. | Тартылған мамандардың саны | адам | Кемінде 5 | Кемінде 5 |
| 5. | Қамтылған ҮЕҰ саны | ұйым | Кемінде 4 | Кемінде 4 |
| 6. | Гранттың жалпы сомасынан еңбекақы төлеу қоры | теңге | 2 880 000 | 2 880 000 |
| 7. | Салықтар (тек штаттық қызметкерлердің ӘС, ӘА, МӘМС) | теңге | 370 368 | 370 368 |
| 8. | Экономикаға қосқан үлесі (тауарлар мен қызметтерді сатып алу) | теңге | 7 715 720 | 7 715 720 |
| 9. | Әлеуметтік жоба серіктестерінің саны (заңды және/немесе жеке тұлғалар) | ұйым/адам | Кемінде 5 | 5 |

2. **Мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):**

- Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар кемінде 150 жасқа кемінде 5 бағыт бойынша 11 қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды
- Аймақтағы мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған консультативтік кеңсенің жұмысын ұйымдастырылды және 60 консультациялық көмек беріледі.
- Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған 3 шеберлік сағат ұйымдастырылды және әлеуметтік көрме ұйымдастырылды
- Аймақтағы ерекше қажеттілігі бар жастарды кәсіп ашуға ынталандыру мақсатында соммасы 200 000 теңгені құрайтын 10 шағын грант үлестірілді және іске асуына мониторинг жасалды
- Аймақтағы мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдерге арналған мемлекеттік қолдау механизмдері, «жұмсақ» дағдыларды дамыту және басқа да өзекті ақпараттар жайлы 93 посттар мен мақалалар жарияланды.
- Аймақтағы жоба аясында үздік нәтиже көрсеткен шағын грант иелері мен мүгедектігі бар жастар мен жасөспірімдер жайлы 2 мотивациялық видеоролик дайындалды.

**3. Әлеуметтік жобаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу**

**1) <u>Жетістік тарихы: Багыт Ислам, +7 775 519 62 01</u>**

**Жобаға дейінгі жағдай:**
Багыт Ислам, 14 жаста, III топтағы мүгедектігі бар жасөспірім. Ол заманауи технологияларға қызығушылық танытса да, компьютерлік дағдылары жеткіліксіз болғандықтан, өзін-өзі дамытуға мүмкіндігі шектеулі еді. Оның арман-мақсаты – IT саласында білім алып, болашақта бағдарламашы болу болатын.

**Жобаның әсері:**
Багыт жоба аясында ұйымдастырылған компьютерлік курстарға қатысып, негізгі цифрлық дағдылар мен бағдарламалаудың бастапқы негіздерін үйренді. Курс барысында ол қарапайым мобильді қосымшаның прототипін жасап, өзінің мүмкіндіктерін көрсетуге қол жеткізді. Сондай-ақ, тренерлерден қолдау алып, өзіне деген сенімін нығайтты.

**Нәтиже:**
Қазір Багыт мектептегі IT сабақтарында үздік нәтиже көрсетіп, сыныптастарымен өз білгендерін бөлісуде. Оның айтуынша: *"Бұл курс менің арманымды жақындатып, жаңа мүмкіндіктер ашты. Енді мен өзіме сенемін және үлкен жетістіктерге жетуді мақсат етемін."*

**2) <u>Жетістік тарихы: Сагындыкова Шолпан мен Бектіллаев Аманкелді, +7 747 550 41 97</u>**

**Жобаға дейінгі жағдай:**
Сагындыкова Шолпан мен Бектіллаев Аманкелді – I топтағы мүгедектігі бар 35 жастағы ерлі-зайыптылар. Олар бала кезінен ДЦП диагнозымен өмір сүріп келеді. Қолөнер мен тігін ісіне қызығушылық танытқанына қарамастан, қажетті жабдықтары мен дағдылары болмауы себепті өз ісін бастай алмады.

**Жобаның әсері:**
Ерлі-зайыптылар жоба аясында ұйымдастырылған тігін және қолөнер курстарына қатысып, кәсіби шеберліктерін арттырды. Курсты аяқтағаннан кейін, олар шағын грантқа ие болып, тігін машинасы мен қолөнерге арналған құрал-жабдықтарды сатып алды. Осы қолдаудың арқасында олар алғашқы тапсырыстарын орындап, өздерін шығармашылық тұрғыда жүзеге асыра бастады.

**Нәтиже:**
Бүгінде Шолпан мен Аманкелді шағын тігін шеберханасын ашып, үй жағдайында тапсырыстар қабылдайды. Олар көрпе-төсек тігумен және кестелеумен айналысып, тұрақты клиенттер жинай бастады. Шолпан: *"Бұл жоба бізге өмірімізді өзгертуге мүмкіндік берді. Енді біз өзімізге ғана емес, отбасымызға да пайда тигізе аламыз,"* – дейді.

**4. Әлеуметтік жобаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат (бағдарламалық аралық есепті ұсыну кезінде):**

**Гендерлік көрсеткіш:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Ерлер | Әйелдер |
|---|---|---|
| 303 | 140 | 163 |

**Санаттар бойынша әлеуметтік дәрежесі:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | Балалар (оның ішінде мүгедек балалар) | Жастар | Мемлекеттік қызметкерлер | Бюджеттік ұйымдар жұмысшылары | Мүгедектігі бар тұлғалар | Егде жастағы адамдар (50 жастан жоғары), оның ішінде | Жұмыссыздар | Қоғамдық ұйымдардың өкілдері | Бизнес-сектор өкілдері | Басқа санаттар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 303 | - | 303 | - | - | 303 | - | - | - | - | - |

**Жас көрсеткіші:**

| Жобаға қатысушылардың саны барлығы | 13-16 жас | 17-22 жас | 23-27 жас | 28-32 жас | 33-45 жас | 46-58 жас | 59 жас және одан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 303 | 40 | 105 | 71 | 72 | 15 | 0 | 0 |

**5. Әлеуметтік жобаның нәтижелері:**

- *көрсетілген нысаналы топтар әлеуметтік жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық өзгерістерді сипаттай отырып):* Маңғыстау облысында ерекше қажеттілігі бар жастарға арналған жобаны іске асыру барысында келесі нақты нәтижелерге қол жеткізілді: қысқа мерзімді курстарға 150 адам қатысып, 5 бағыт бойынша 11 курс ұйымдастырылды. Бұл курстарда мобилографияға – 29 адам, аспаздыққа – 25 адам, компьютерлік сауаттылыққа – 40 адам, тігін және қолөнерге – 17 адам, ал СММ-ге 39 адам тартылды. Нәтижесінде қатысушылар жаңа кәсіби және тұрмыстық дағдыларды меңгеріп, кәсіпкерлікке және жұмыспен қамтуға қызығушылықтарын арттырды. Сонымен қатар, инклюзия қағидаттары нығайтылып, ерекше қажеттілігі бар жастардың қоғамға бейімделуі жақсарды.

- *жобаны іске асыру барысында шешілетін проблемаға оның ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған белгілі бір саладағы болжамды оң/теріс өзгерістерді негіздеу):* Ерекше қажеттілігі бар жастардың еңбек нарығындағы мүмкіндіктері кеңейді. Кәсіпкерлік және креативті индустриялар саласындағы дағдыларды дамыту жастардың қаржылық тәуелсіздігі мен әлеуметтік интеграциясына ықпал етті. Психо-әлеуметтік және құқықтық кеңестер қоғаммен байланыстарын нығайтып, өз құқықтарын қорғауға мүмкіндік берді.

- *әлеуметтік жобаның/әлеуметтік бағдарламаның тұрақтылығы:* Жоба шеңберінде қатысушылардың кәсіби дағдылары мен мүмкіндіктерін нығайтуға бағытталған шаралар олардың ұзақ мерзімді әлеуметтік және экономикалық тәуелсіздігіне негіз қалады. Шағын гранттарды үлестіру арқылы тұрақты кәсіптерді дамытуға ықпал етті.

- *іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:* Қатысушылар арасында кәсіп ашуға және өзін-өзі жұмыспен қамтуға ынталанғандар саны артты. Жаңа жұмыс орындары құрылып, өңірдегі әлеуметтік-экономикалық белсенділік жоғарылады. Қоғамда ерекше қажеттілігі бар адамдарға деген оң көзқарас қалыптасты. Жобаға қатысушылардың өмір сүру сапасы жақсарып, олардың әлеуметке бейімделу мүмкіндіктері артты.

**6. Әлеуметтік жобаны іске асыруға қолдау көрсеткен серіктестердің (бар болса), билік органдарының, құрылымдардың үлесін талдау: оларды тарту қаншалықты қажет болды, бұл әлеуметтік жобаны қалай күшейтті, қандай сабақтар алынды, өзара іс-қимылды қалай жалғастыру жоспарлануда?**

**<u>Әлеуметтік жобаның серіктестері</u>**

Жобаны іске асыруға тікелей қатысатын, қызметі жобаның нәтижелеріне әсер етуі мүмкін ұйымдар. Серіктестерге логистика, тамақтану, жол жүру және т.б. бойынша қызмет көрсететін жеткізушілер кірмейді.

| Ұйымның атауы/ Серіктестің ТАӘ | Жоюадағы рөлі | Ұйымның, серіктестің байланыстары | Ескерту |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |

**Мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесіне енгізу үшін ұсыныстар:**

| № | Мемлекеттік грант саласы | Мемлекеттік гранттың ұсынылатын басым бағыты | Грантты іске асыру шешуі тиіс мәселенің қысқаша сипаттамасы | Қаржыландыру көлемі (мың теңге) | Грант түрі | Күтілетін нәтиже |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Ерекше қажеттілігі бар жастарды әлеуметтендіру | Ерекше қажеттілігі бар жастарды әлеуметтік және экономикалық интеграциялау | Ерекше қажеттілігі бар жастардың кәсіби дағдыларға қолжетімділігінің төмендігі және қоғамға бейімделу деңгейінің жеткіліксіздігі | 20 000 000 теңге | Мемлекеттік грант | 500 ерекше қажеттілігі бар жас жаңа дағдыларды меңгереді, 100-ге жуық жас кәсіпкерлік бастайды, қоғамның инклюзивтілігі және |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | қолжетімділік артады. |

**Мемлекеттік органдар үшін әлеуметтік жобаны іске асыру қорытындылары бойынша нақты практикалық ұсынымдарды көрсетіңіз.**

| Мемлектетік органдар | Ұсынымдар | Әзірленген ұсынымдарды жіберу туралы хаттың нөмірі мен күні *(қосымшалары бар хаттардың көшірмелері осы есеппен бірге ұсынылуы керек)* |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

**Есеп беттерінің жалпы саны:** 29

**Грант алушы:**
**«ӘСЕР» қоғамдық бірлестігінің төрағасы** **Жакаева Г.Б.**

Толтыру күні 29.11.2024жыл
Мөрдің орны